

Ғ. Мұратбаев ауылдық округі, Ғ. Мұратбаев ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Қызылорда облысы Қазалы ауданы Ғ. Мұратбаев ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 01 маусымдағы № 7 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 26 маусымда N 5034 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1- бабының 7) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Қазалы аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 8-09-90 ұсынысы негізінде Ғ.Мұратбаев ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Ғ.Мұратбаев ауылдық округі, Ғ.Мұратбаев ауылының аумағында ұсақ малдардың арасында бруцеллез ауруы пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

Б.Бисембаев

КЕЛІСІЛДІ

"Қазалы ауданының ветеринария
және ветеринариялық бақылау
бөлімі" коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің басшысы

А.Рыстығұл

"01" маусым 2015 ж